Электролюкс Италия С.п.А. Хаусхолд Эпплайенсиз - фабрика Форли

Виале Болонья 298, I-47100 Форли

Италия

МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ..... 35
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ..... 36
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ..... 39
4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН..... 39
5. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ..... 40
6. САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ..... 42
7. КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ..... 43
8. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР..... 44
9. АҚЫЛ-КЕҢЕС..... 44
10. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ..... 54
11. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ..... 58
12. ОРНАТУ..... 59
13. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ..... 60
14. ҚУАТ ТИІМДІЛІГІ..... 60

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойы жинақталған кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.
Electrolux әлеміне қош келдіңіз.
Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:

Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.electrolux.com

Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.registerelectrolux.com

Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.
Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.

⚠ Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты

i Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген адамдар не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе қолдануына болады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қол жететін бөлшектері ыстық.
- Құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынамыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.
- 3 жасқа толмаған балаларды үнемі қарап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Тек білікті маман ғана осы құрылғыны орнатып, сымын ауыстыруға тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының ішкі жағы ысып кетеді. Құрылғының ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тигізбеңіз. Керек-жарақтарды

немесе ыдыстарды алып-салған кезде үнемі қолғап киіңіз.
- Күтім көрсетер алдында электр желісінен ажыратыңыз.
- Электр қатеріне ұшырамау үшін шамды ауыстырар алдында құрылғыны сөндіріп қойыңыз.
- Құрылғыны бумен тазалау құралын пайдаланып тазаламаңыз.
- Шыны есікті тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір құралдарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Егер қуат сымына зақым келсе, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Сөре сырғытпаларын алу үшін әуелі сөре сырғытпасының алдыңғы жағын, содан кейін артқы жағын бүйірлік қабырғадан тартыңыз. Сөре сырғытпаларын кері ретпен салыңыз.
- Сөндіруге арналған құралдарды электр сымдарын тарту ережелеріне сай, тұрақты орнатылған сымға орнату керек.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Ас үй қаптамасы мен ұясының өлшемдері құрылғыға сай келуге тиіс.
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының бөлшектерінде кернеу бар. Құрылғының қауіпті бөлшектеріне қол тиіп кетпес үшін оны ас үй қаптамасымен жабыңыз.
- Құрылғының жан-жағын биіктігі осы құрылғының биіктігімен бірдей құрылғылармен жанастырып қою керек.

2.2 Электртоғына қосу

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Электртоғына қосу жұмыстарын білікті электрші ғана іске асыруға тиіс.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Электр сымдарына қол тигізуге немесе құрылғының есігіне жақындауға, әсіресе ыстық тұрған есікке жақындауға болмайды.
- Тоққа қосулы тұрған және оқшаулағышы бар бөлшектердің электр қатерінен сақтандырғышын, саймансыз алынбайтын етіп бекітіп қою керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка босап тұрса, оған ашаны сұқпаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Дұрыс оқшаулағыш құралдарды ғана қолданыңыз. желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырғыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.
- Электр жүйесі құрылғыны кез келген полюсте ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құралмен жабықталуға тиіс. Оқшаулағыш құралдың контакт ара қашықтығы кем дегенде 3 мм болуға тиіс.
- Бұл құрылғы E.E.C. ережелеріне сай келеді.

2.3 Пайдалану

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Жарақат алу, күйіп қалу және электр қатеріне ұшырау не жарылыс шығу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны үйде ғана пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын тоқтан ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін ашқан кезде абай болыңыз. Ыстық ауа шығуы мүмкін.
- Құрылғыны су қолмен іске қоспаңыз немесе суға тиіп тұрған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ашық тұрған құрылғы есігіне күш салмаңыз.
- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкоголь қосылған қоспаларды қолданғанда, ауа мен алкоголь қоспасы пайда болуы мүмкін.
- Есікті ашқан кезде құрылғыға от жарқылын немесе ашық отты жақындатпаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Құрылғының эмаль қаптамасы бүлініп немесе өңі кетпес үшін:
  - пештің ыдыстарын немесе басқа заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
  - алюминий жұқалтырды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
  - суды ыстық құрылғыға тура қоймаңыз.
  - тамақ пісіріп болғаннан кейін дымқыл ыдыс пен тағамды құрылғының ішінде ұстамаңыз.
  - керек-жарақтарды алғанда немесе орнатқанда абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді. Бұл кепілдік заңына сәйкес қарастырылатын ақаулық емес.
- Сұйық қоспадан жасалатын тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз. Жеміс шырындарынан кетпейтін дақ қалуы мүмкін.
- Бұл тек тағам пісіруге арналған құрылғы. Басқа мақсатта, мысалы бөлмені қыздыру үшін қолдануға болмайды.
- Тағамды әрқашан тұмшапештің есігін жауып пісіріңіз.

2.4 Күту менен тазалау

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Жарақат алу, өрт қаупі немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз. Шыны панелі сынып қалуы мүмкін.
- Есіктің шыныларына зақым келсе дереу ауыстырыңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының есігін алған кезде абай болыңыз. Есіктің салмағы ауыр!
- Құрылғының қаптамасының сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.
- Құрылғының ішінде қалған майдың немесе тағамның қалдығынан өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшапеш бүріккішін қолдансаңыз, оның орамында көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.
- Каталитті эмаль қаптаманы (егер бар болса) ешбір жуғыш затпен тазаламаңыз.

2.5 Ішкі жарық шамы

- Осы құрылғыда тек тұрмыстық құрылғыларға ғана арналған жарықтама шам немесе галоген шамы қолданылған. Оны бөлмені жарықтандыру үшін қолданбаңыз.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Шамды ауыстырар алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана қолданыңыз.


2.6 Құрылғыны тастау

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.

3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Жалпы көрінісі



1. Басқару панелі
2. Пеш үстінің тетіктері
3. Қуат шамы / белгісі / индикатор
4. Тұмшапеш функцияларының тетігі
5. Электрондық бағдарламалағыш
6. Температура тетігі
7. Температура шамы/белгішесі/ индикаторы
8. Қыздырғыш элемент
9. Шам
10. Желдеткіш
11. Сөренің алмалы сырғытпалары
12. Сөре деңгейлері

3.2 Керек-жарақтары

- **Торкөз сөре**
  Ыдыс, торт қалыптарын қою, тағам қуыруға арналған.
- **Пісірме табақ**
  Торттар мен печеньелерге арналған.
- **Гриль- / Қуыру науасы**
  Пісіру мен қуыруға немесе май жинайтын таба ретінде қолдануға арналған.
- **Сырғытпа жолдар**
  Сөрелер мен науаларға арналған.

4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

4.1 Алғашқы тазалау

Құрылғыдан керек-жарақтардың барлығын және алмалы сөре сырғытпаларын алыңыз.

"Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.

Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз.
Керек-жарақтарды және алмалы сөре сырғытпаларын орындарына қойыңыз.

4.2 Уақытты орнату

Тұмшапешті іске қосар алдында уақытты орнату керек.

Тәулік уақытының индикаторы құрылғыны электр қуатына қосқан кезде, тоқ сөніп қалғанда немесе таймер орнатылмаған кезде жыпылықтайды.

Дұрыс уақытты орнату үшін + немесе — түймешігін басыңыз.
Шамамен бес секунд өткеннен кейін жыпылықтау тоқтайды да, бейнебетте сіз орнатқан тәулік уақыты көрсетіледі.

4.3 Уақытты өзгерту

Егер Ұзақтық |→| немесе Соңы →| функциялары жұмыс істесе, тәулік уақытын өзгерте алмайсыз.

⏲ түймешігін тәулік уақытының индикаторы жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
Жаңа уақытты орнату үшін "Уақытты орнату" тарауын қараңыз.

4.4 Алдын ала қыздыру

Қалған майды күйдіріп жіберу үшін бос құрылғыны алдын ала қыздырыңыз.

1. ▭ функциясы мен ең үлкен температураны орнатыңыз.
2. Құрылғыны 1 сағат қосып қойыңыз.
3. ⊓ функциясы мен ең үлкен температураны орнатыңыз.
4. Құрылғыны 15 минут қосып қойыңыз.
5. ⊛ функциясы мен ең үлкен температураны орнатыңыз.
6. Құрылғыны 15 минут қосып қойыңыз.

Керек-жарақтар бұрыңғыдан да ыстық болып кетеді. Құрылғыдан иіс және түтін шығады. Бұл қалыпты жағдай. Бөлме ішіндегі ауаның жеткілікті түрде ауысып тұрғанына көз жеткізіңіз.

5. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

5.1 Батырма тетіктер

Құрылғыны іске қосу үшін басқару тетігін басыңыз. Басқару тетігі бері шығады.

5.2 Құрылғыны іске қосу және сөндіру

Тетіктің белгілері, индикаторлары немесе шамдарының болуы-болмауы, құрылғының үлгісіне байланысты.


- Тұмшапеш қызғанда индикатор жанады.
- Құрылғы іске қосылғанда шам жанады.
- Белгіше арқылы тетіктің пісіру алаңдарының, тұмшапеш функцияларының қайсысын басқаратыны не оның температураны басқаратыны көрсетіледі.

1. Тұмшапеш функциясын таңдау үшін тұмшапеш функцияларының тетігін бұраңыз.
2. Температураны таңдау үшін температура тетігін бұраңыз.
3. Құрылғыны сөндіру үшін, тұмшапеш функциялары мен температура тетіктерін "сөндіру" қалпына қойыңыз.

5.3 Тұмшапеш функциялары

Тұмшапеш функциясы		Қолданылуы
0	Сөндіру қалпы	Құрылғы сөндірулі.
	Жеңіл	Шамды пісіру функциясынсыз жарықтандыруға арналған.
	Дәстүрлі пісіру	Тағамды 1 сөреде пісіруге және қуыруға арналған.
	Үстіңгі қызу	Нан, торт және кондитер өнімдерін қызартуға арналған. Піскен тағамдарды аяқтап пісіруге арналған.
	Астыңғы қызу	Түбі қытырлақ торттарды пісіруге және тағамды консервілеуге арналған.
	Гриль жасау	Жалпақ етіп тағамнан гриль жасауға және тост нанын жасауға арналған.
	Жылдам гриль жасау	Жалпақ етіп көп мөлшерде дайындалған тағамнан гриль жасау және тост жасау үшін.
	Турбо гриль	Үлкенірек ет кесектерін немесе сүйегі бар құс етін 1 сөреге қойып, қуыруға арналған. Сондай-ақ гратин жасауға және қызарғанша қуыруға арналған.
	Ыстық желдеткішпен пісіру / Жібіту	Тағамды бір уақытта 3 сөреде пісіруге және кептіруге арналған.Температураны Дәстүрлі пісіру функциясына қарағанда 20 – 40 °C төменірек қойыңыз. Мұздатылған тағамды жібітуге арналған.
	Пицца параметрі	Тағамды қатты қызартып, түбін қытырлақ ету үшін 1 сөреде пісіруге арналған. Температураны Дәстүрлі пісіру функциясына қарағанда 20 - 40 °C төменірек қойыңыз.

5.4 Бейнебет



A) Функция индикаторлары
B) Уақыт бейнебеті
C) Функция индикаторы

5.5 Түймешіктер

Түймешік	Функция	Сипаттама
—	МИНУС	Уақытты қоюға арналған.
	САҒАТ	Сағат функциясын орнатуға арналған.
+	ПЛЮС	Уақытты қоюға арналған.

5.6 Пісіру алаңдарының тетіктері

Пештің үстіндегі пісіру алаңдарын тетіктердің көмегімен басқара аласыз. Пеш үстінің пайдаланушыға арналған нұсқаулығын қараңыз.

Пеш үстінің пайдаланушы нұсқаулығындағы Қауіпсіздік ақпараты тарауларын міндетті түрде оқу керек.

5.7 Қызу параметрлері

Тетік индикаторы	Функция
0	Сөндіру қалпы
1 - 9	Қызу параметрлері
	Қос шеңберлі алаңның тетігі

1. Тетікті қажетті қыздыру параметріне бұраңыз.
2. Тағам пісіруді аяқтау үшін басқару тетігін "off" қалпына қойыңыз.

5.8 Қос шеңберлі алаңды пайдалану (егер бар болса)

Қос шеңберлі алаңды қосу үшін тетікті сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Оны тоқтату қалпынан өткізіп бұрамаңыз.

1. Тетікті сағат тілінің бағытымен бұрап 9 қалпына қойыңыз.
2. Тетікті сырт еткен дыбыс естілгенше белгісіне баяу бұраңыз. Екі пісіру алаңы қосылады.
3. Қажетті қыздыру параметрін орнату үшін "Қызу параметрлері" тарауын қараңыз.

6. САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

6.1 Сағат функцияларының кестесі

Сағат функциясы		Қолданылуы
	Тәулік уақыты	Тәулік уақытын орнатуға, өзгертуге немесе қарауға арналған.
	Минут операторы	Кері санақ уақытын қоюға арналған. Бұл функция құрылғының жұмысына әсер етпейді.
|→|	Ұзақтық	Тұмшапеште пісіру уақытын орнатуға арналған.
→|	Соңы	Тұмшапеш сөндірілуге тиіс уақытты орнатуға арналған.

Ұзақтық |→| және Аяқтау →| функцияларын қолданып, құрылғының жұмыс істейтін және сөндірілетін уақыттарын орнатуға болады. Бұл құрылғыны кешіктіру уақытын пайдаланып қосуға мүмкіндік береді. Әуелі Ұзақтық |→| функциясын, содан кейін Аяқтау →| функциясын орнатыңыз.

6.2 Сағат функцияларын орнату

Ұзақтық |→| және Аяқтау →| параметрлері үшін тұмшапеш функциясы мен пісіру температурасын орнатыңыз. Бұл Минут операторы 🔔 функциясы үшін қажет емес.

1. 🕐 түймешігін қажетті сағат функциясы жыпылықтай бастағанша қайта-қайта басыңыз.
2. Қажетті сағат функциясы үшін + немесе — түймешігін басып, уақытты орнатыңыз.

Сағат функциясы жұмыс істейді. Бейнебетте орнатылған сағат функциясының индикаторы көрсетіледі.

Минут операторы қолданылғанда, дисплейде қалған уақыт көрсетіледі.

3. Уақыт аяқталған кезде сағат функциясының индикаторы жыпылықтайды және дыбыстық сигнал естіледі. Сигналды тоқтату үшін түймешікті басыңыз.
4. Тұмшапеш функциясының тетігін және температура тетігін "off" (сөндірулі) қалпына қойыңыз.

Ұзақтық |→| және Аяқтау →| функцияларында құрылғы автоматты түрде сөнеді.

6.3 Сағат функцияларын біржола тоқтату

1. 🕐 түймешігін қажетті функцияның индикаторы жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
2. — түймешігін басып ұстап тұрыңыз.

Сағат функциясы бірнеше секундтан кейін сөнеді.

7. КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.


7.1 Сырғытпа жолдар

Сырғытпа жолдарды орнату нұсауларын кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.


Сырғытпа жолдардың көмегімен сөрелерді оңай алып-салуға болады.

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ!
Сырғытпа жолдарды ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Сырғытпа жолдарды майламаңыз.

1. Оң және сол жақтағы сөре сырғытпаларын тартып шығарыңыз.



2. Сымтемір торды сөре сырғытпаларына салыңыз да, құрылғыға қарай абайлап итеріңіз.



Тұмшапештің есігін жабар алдында, сырғытпа жолдардың құрылғыға әбден кіргізілгеніне көз жеткізіңіз.

8. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР

8.1 Желдеткіш

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, құрылғының беттерін салқын ұстау үшін желдеткіш автоматты түрде қосылады. Құрылғыны сөндірсеңіз, желдеткіш құрылғы салқындағанша жұмыс істеп тұра береді.

8.2 Қауіпсіздік термостаты

Құрылғы дұрыс жұмыс істемесе немесе бөлшектерінде ақау бар болса, қатты қызып кету қаупі бар. Бұндай жағдайдың алдын алу үшін тұмшапеш тоқты кідіртуге арналған термостатпен жабдықталған. Температура төмендеген кезде тұмшапеш қайта автоматты түрде қосылады.

9. АҚЫЛ-КЕҢЕС

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Кестелердегі температура мен пісіру уақыттары тек нұсқау ретінде беріледі. Олар рецептерге, олардың құрамының сапасы мен мөлшеріне байланысты болады.

9.1 Жалпылама ақпарат

- Құрылғының сөре қоюға арналған бес деңгейі бар. Сөренің деңгейлерін құрылғының астыңғы жағынан бастап санаңыз.
- Құрылғы ауа айналдыратын және буды үздіксіз қайта айналдырып отыратын арнайы жүйемен жабдықталған. Бұл жүйенің көмегімен тағамды булы ортада, ішін жұмсақ, сыртын кітірлек етіп пісіруге болады. Бұл пісіру уақыты мен пайдаланылатын қуат мөлшерін барынша азайтады.
- Құрылғының ішіне немесе есігінің шыны панельдеріне бу тұруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тағам пісіріп жатқанда құрылғының есігін ашу қажет болса, әрқашан артқа шегініңіз. Буды азайту үшін

құрылғыны тағам пісіру алдында 10 минут қыздырыңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын ылғалды жерлерін тазалаңыз.
- Заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз және тағам пісіріп жатқан кезде құрылғының ешбір бөлшектерін алюминий жұқалтырмен жаппаңыз. Себебі пісіру нәтижесіне әсер етіп, пештің эмаль қаптамасын бүлдіруі мүмкін.

9.2 Торт пісіру

- Тұмшапештің есігін орнатылған пісіру уақытының 3/4 мөлшері өткенше ашпаңыз.
- Егер бір уақытта екі пісіру сөресін пайдалансаңыз, олардың арасына бір ашық қатар қалдырыңыз.

9.3 Ет пен балық пісіру

- Тұмшапешке мүлдем тазаланбайтын дақ түспес үшін, өте майлы тағамды пісіргенде шұңғыл табақты пайдаланыңыз.
- Етті кесердің алдында сөлі ағып кетпес үшін шамамен 15 минут қоя тұрыңыз.
- Тағам қуырған кезде тұмшапештің іші қатты түтіндеп кетпес үшін шұңғыл табаққа шамалы су құйыңыз. Түтін жиналып қалмас үшін су таусылған сайын үстемелеп құйып отырыңыз.

9.4 Пісіру уақыттары

Пісіру уақыттары тағамның түріне, құрамына және мөлшеріне байланысты.

Бастапқыда тағам пісірген кезде пісіру үрдісін бақылап отырыңыз. Осы құрылғыны пайдаланған кезде қолданылатын ыдыстарға, рецептілерге және тағамның мөлшеріне сай келетін параметрлерді (қызу параметрі, пісіру уақыты т.с.с.) анықтап алыңыз.

9.5 Пісіру және қуыру кестесі

Торттар

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Көпіршітілген тағам рецептілері	170	2	160	3 (2 және 4)	45 - 60	Тортқа арналған қалыпта
Ашыған қамыр	170	2	160	3 (2 және 4)	20 - 30	Тортқа арналған қалыпта
Сарысу қосылған чизкейк	170	1	165	2	60 - 80	26 см торт қалыбында

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Алма торты (Алма бәліші)[1)]	170	2	160	2 (сол және оң)	80 - 100	Тор сөреге қойылған екі 20 см торт қалыбында
Штрудель	175	3	150	2	60 - 80	Пісірме табақта
Джем тарталеткасы	170	2	165	2 (сол және оң)	30 - 40	26 см торт қалыбында
Бисквит торт	170	2	160	2	50 - 60	26 см торт қалыбында
Кристмас торты / Көп жеміс қосылған торт[1)]	160	2	150	2	90 - 120	20 см торт қалыбында
Қара өрік торты[1)]	175	1	160	2	50 - 60	Нан қалыбында
Кішкене кекстер - бір деңгейде	170	3	140 - 150	3	20 - 30	Пісірме табақта
Кішкене кекстер - екі деңгейде	-	-	140 - 150	2 және 4	25 - 35	Пісірме табақта
Кішкене кекстер - үш деңгейде	-	-	140 - 150	1, 3 және 5	30 - 45	Пісірме табақта
Печенье / тәтті таспалар - бір деңгейде	140	3	140 - 150	3	30 - 35	Пісірме табақта

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Печенье / тәтті таспалар - екі деңгейде	-	-	140 - 150	2 және 4	35 - 40	Пісірме табақта
Печенье / тәтті таспалар - үш деңгейде	-	-	140 - 150	1, 3 және 5	35 - 45	Пісірме табақта
Меренга - бір деңгейде	120	3	120	3	80 - 100	Пісірме табақта
Меренга - екі деңгейде[1)]	-	-	120	2 және 4	80 - 100	Пісірме табақта
Тоқаштар[1)]	190	3	190	3	12 - 20	Пісірме табақта
Эклер - бір деңгейде	190	3	170	3	25 - 35	Пісірме табақта
Эклер - екі деңгейде	-	-	170	2 және 4	35 - 45	Пісірме табақта
Тарталетка	180	2	170	2	45 - 70	20 см торт қалыбында
Көп жеміс қосылған торт	160	1	150	2	110 - 120	24 см торт қалыбында
Виктория сэндвичі	170	1	160	2 (сол және оң)	50 - 60	20 см торт қалыбында

1) Тұмшапешті алдын ала 10 минут қыздырыңыз.

Нан және пицца

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Ақ нан 1)	190	1	190	1	60 - 70	1 - 2 бөлке, біреуі 500 г
Қарабидай наны	190	1	180	1	30 - 45	Нан қалыбында
Булочка 1)	190	2	180	2 (2 және 4)	25 - 40	Пісіру табасында 6 - 8 булочка
Пицца1)	230 - 250	1	230 - 250	1	10 - 20	Пісірме табақта немесе шұңғыл табақта
Шелпек1)	200	3	190	3	10 - 20	Пісірме табақта

1) Тұмшапешті алдын ала 10 минут қыздырыңыз.

Ашық бәліштер

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Паста фланы	200	2	180	2	40 - 50	Қалып
Көкөніс фланы	200	2	175	2	45 - 60	Қалып
Киш1)	180	1	180	1	50 - 60	Қалып
Лазанья1)	180 - 190	2	180 - 190	2	25 - 40	Қалып
Каннелони1)	180 - 190	2	180 - 190	2	25 - 40	Қалып

1) Тұмшапешті алдын ала 10 минут қыздырыңыз.

Ет

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Сиыр еті	200	2	190	2	50 - 70	Торкөз сөреде
Шошқа еті	180	2	180	2	90 - 120	Торкөз сөреде
Бұзау еті	190	2	175	2	90 - 120	Торкөз сөреде
Шала қуырылған ағылшын ростбифі	210	2	200	2	50 - 60	Торкөз сөреде
Орташа қуырылған ағылшын ростбифі	210	2	200	2	60 - 70	Торкөз сөреде
Жақсы қуырылған ағылшын ростбифі	210	2	200	2	70 - 75	Торкөз сөреде
Шошқаның қол омыртқасы	180	2	170	2	120 - 150	Терісі алынбаған
Шошқаның жіліншігі	180	2	160	2	100 - 120	2 дана
Қой еті	190	2	175	2	110 - 130	Сирақ
Тауық еті	220	2	200	2	70 - 85	Тұтас
Күркетауық еті	180	2	160	2	210 - 240	Тұтас
Үйрек еті	175	2	220	2	120 - 150	Тұтас
Қаз еті	175	2	160	1	150 - 200	Тұтас
Үй қоянының еті	190	2	175	2	60 - 80	Кесектеп туралған

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Қоян еті	190	2	175	2	150 - 200	Кесектеп туралған
Қырғауыл	190	2	175	2	90 - 120	Тұтас

Балық

Тағам	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Уақыт (мин.)	Түсіндірме
	Температура (°C)	Сөренің орналасуы	Температура (°C)	Сөренің орналасуы		
Бақтақ / Теңіз мөңкесі	190	2	175	2	40 - 55	3 - 4 балық
Тунец/ Албырт балық	190	2	175	2	35 - 60	4 - 6 филе

9.6 Гриль жасау

Бос тұмшапешті тағам пісірер алдында 3 минут алдын ала қыздырыңыз.

Тағам	Мөлшері		Температура (°C)	Уақыт (мин.)		Сөренің орналасуы
	Саны	(г)		1-ші жағы	2-ші жағы	
Қоң ет стейктері	4	800	макс.	12 - 15	12 - 14	4
Сиыр етінің стейктері	4	600	макс.	10 - 12	6 - 8	4
Шұжықтар	8	-	макс.	12 - 15	10 - 12	4
Туралған шошқа еті	4	600	макс.	12 - 16	12 - 14	4
Тауық (2-ге бөлінген)	2	1000	макс.	30 - 35	25 - 30	4

Тағам	Мөлшері		Температура (°C)	Уақыт (мин.)		Сөренің орналасуы
	Саны	(г)		1-ші жағы	2-ші жағы	
Кәуап	4	-	макс.	10 - 15	10 - 12	4
Тауықтың төс еті	4	400	макс.	12 - 15	12 - 14	4
Гамбургер	6	600	макс.	20 - 30	-	4
Балықтың қоң еті	4	400	макс.	12 - 14	10 - 12	4
Тост сэндвичтері	4 - 6	-	макс.	5 - 7	-	4
Қыздырылған нан	4 - 6	-	макс.	2 - 4	2 - 3	4

9.7 Турбо гриль

Сиыр еті

Тағам	Мөлшері	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Ростбиф немесе филе, шала піскен[1)]	әрбір см қалыңдығы үшін	190 - 200	5 - 6	1 немесе 2
Ростбиф немесе филе, орташа піскен[1)]	әрбір см қалыңдығы үшін	180 - 190	6 - 8	1 немесе 2
Ростбиф немесе филе, жақсы піскен[1)]	әрбір см қалыңдығы үшін	170 - 180	8 - 10	1 немесе 2

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз.

Шошқа еті

Тағам	Мөлшері (кг)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Қол омыртқа, мойын омыртқа, сан еті	1 - 1.5	160 - 180	90 - 120	1 немесе 2
Жаншылған ет, қабырға	1 - 1.5	170 - 180	60 - 90	1 немесе 2
Кесек ет	0.75 - 1	160 - 170	50 - 60	1 немесе 2

Тағам	Мөлшері (кг)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Шошқа сирағы (алдын ала пісірілген)	0.75 - 1	150 - 170	90 - 120	1 немесе 2

Бұзау еті

Тағам	Мөлшері (кг)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Қуырылған бұзау еті	1	160 - 180	90 - 120	1 немесе 2
Бұзау сирағы	1.5 - 2	160 - 180	120 - 150	1 немесе 2

Қой еті

Тағам	Мөлшері (кг)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Қойдың саны, қуырылған қой еті	1 - 1.5	150 - 170	100 - 120	1 немесе 2
Қозы белдемесі	1 - 1.5	160 - 180	40 - 60	1 немесе 2

Құс еті

Тағам	Мөлшері (кг)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Құстың кесек еті	әр бірі 0,2 - 0,25	200 - 220	30 - 50	1 немесе 2
Тауықтың жарты еті	әр бірі 0,4 - 0,5	190 - 210	35 - 50	1 немесе 2
Тауық еті, пулярка	1 - 1.5	190 - 210	50 - 70	1 немесе 2
Үйрек еті	1.5 - 2	180 - 200	80 - 100	1 немесе 2
Қаз еті	3.5 - 5	160 - 180	120 - 180	1 немесе 2
Күркетауық еті	2.5 - 3.5	160 - 180	120 - 150	1 немесе 2
Күркетауық еті	4 - 6	140 - 160	150 - 240	1 немесе 2

Балық

Тағам	Мөлшері (кг)	Температура (°C)	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы
Тұтас балық еті	1 - 1.5	210 - 220	40 - 60	1 немесе 2

9.8 Жібіту

Тағам	Мөлшері (г)	Жібіту уақыты (мин)	Қосымша жібіту уақыты (мин.)	Түсіндірме
Тауық еті	1000	100 - 140	20 - 30	Тауықты төңкерілген табақша қойылған табақтың үстіне қойыңыз. Орта тұсында аударыңыз.
Ет	1000	100 - 140	20 - 30	Орта тұсында аударыңыз.
Ет	500	90 - 120	20 - 30	Орта тұсында аударыңыз.
Форель	150	25 - 35	10 - 15	-
Құлпынай	300	30 - 40	10 - 20	-
Сары май	250	30 - 40	10 - 15	-
Қаймақ	2 x 200	80 - 100	10 - 15	Кілегейдің кейбір жерлері сәл тоңазыса да, шайқауға болады.
Печеньелер	1400	60	60	-

9.9 Кептіру - Ыстық желдеткішпен пісіру

- Табақтарды май өткізбейтін немесе пісіруге арналған қағазға салыңыз.
- Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін кептіру уақытының жартысы өткен кезде тұмшапешті тоқтатып, есікті ашып, кептіруді аяқтау үшін бір түн ашық қалдырыңыз.

Көкөністер

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (сағ)	Сөренің орналасуы	
			1-ші деңгей	2-ші деңгей
Бұршақ	60 - 70	6 - 8	3	1 / 4
Бұрыш	60 - 70	5 - 6	3	1 / 4
Тұздықталатын көкөніс	60 - 70	5 - 6	3	1 / 4
Саңырауқұлақ	50 - 60	6 - 8	3	1 / 4
Шөптер	40 - 50	2 - 3	3	1 / 4

Жеміс-жидек

Тағам	Температура (°C)	Уақыт (сағ)	Сөренің орналасуы	
			1-ші деңгей	2-ші деңгей
Қара өрік	60 - 70	8 - 10	3	1 / 4
Сары өрік	60 - 70	8 - 10	3	1 / 4
Алма тілімдері	60 - 70	6 - 8	3	1 / 4
Алмұрт	60 - 70	6 - 9	3	1 / 4

10. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

10.1 Тазалауға қатысты ескерім

- Құрылғының алдыңғы жағын жуғыш зат қосылған жылы суға батырылған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Құрылғының металл беттерін тазалау үшін әдетте қолданылатын жуғыш заттарды пайдаланыңыз.
- Құрылғының ішкі жағын пайдаланып болған сайын тазалап отырыңыз. Май жиналғанда немесе басқа тағам қалдығы жиналса, өрт шығуы мүмкін. Гриль табағында бұндай қауіп одан да күшті.
- Оңай тазаланбайтын қалдықтарды арнайы пеш тазалағыштармен тазалаңыз.
- Керек-жарақтарды әр қолданып болған сайын тазалап, құрғатып отырыңыз. Шүберекті, жылы су мен жуғыш затты пайдаланыңыз.
- Тұмшапештің керек-жарағына ластық тұрмайтын болса, жеміргіш затпен, өткір қырлы құралмен тазаламаңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Зат жабыспайтын қаптаманы бүлдіруі мүмкін.

10.2 Тот баспайтын болаттан не алюминийден жасалған құрылғылар

Тұмшапештің есігін дымқыл жөкемен ғана тазалаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Темір жүн, қышқыл немесе түрпілі материалдарды қолданбаңыз, себебі бұндай заттар тұмшапештің бетіне нұқсан келтіруі мүмкін. Тұмшапештің басқару панелін де осындай сақтық шараларды орындап тазалаңыз.


10.3 Есіктің тығыздағышын тазалау

- Есіктің тығыздағышын уақытылы тексеріңіз. Есіктің тығыздағышы тұмшапеш жақтауының айналасында орналасқан. Есіктің тығыздағышына нұқсан келсе, құрылғыны пайдаланбаңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Есіктің тығыздағышын тазалау үшін тазалауға қатысты жапы ақпаратты қараңыз.


10.4 Сөре сырғытпаларын алу

Тұмшапешті тазалау үшін сөре сырғытпалары.

1. Сөре сырғытпасының алдыңғы жағын қабырғадан тартып шығарыңыз.



2. Сырғытпа жолдардың артқы жақтарын қабырғадан ағытып алыңыз.



Сөре сырғытпаларын кері ретпен салыңыз.

Сырғытпа жолдардағы білікшелер алға қарап тұруға тиіс.


10.5 Тұмшапештің төбесі

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Құрылғыны қыздырғыш элементті алмай тұрып сөндіру керек. Құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз. Күйіп қалу қатері бар.

Сөре сырғытпаларын алыңыз.

Тұмшапештің төбесін оңай тазалау үшін қыздырғыш элементті алып қоюға болады.

1. Қыздырғыш элементті ұстап тұрған бұранданы алыңыз. Ең алғаш рет алған кезде бұранда бұрағышты пайдаланыңыз.



2. Қыздырғыш элементті еппен төмен тартыңыз.
3. Тұмшапештің төбесін жұмсақ шүберек пен жылы суды, жуғыш затты пайдаланып тазалаңыз және кептіріңіз.

Қыздырғыш элементті әрекеттерді керісінше орындап орнатыңыз.

Сөре сырғытпаларын салыңыз.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қыздырғыш элементтің дұрыс орнатылғанына және құлап кетпейтініне көз жеткізіңіз.


10.6 Тұмшапештің есігін тазалау

Тұмшапештің есігі үш шыны панельден тұрады.Тұмшапештің есігі мен ішкі шыны панельдерін алып тазалауға болады.


Тұмшапештің есігін орнынан алмай тұрып, шыны панельдерін алғыңыз келсе, тұмшапештің есігі жабылып қалуы мүмкін.

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ!
Құрылғыны шыны панельсіз пайдаланбаңыз.


1. Есікті шегіне дейін ашып, есіктің екі топсасын ұстаңыз.




2. Қос топсадағы тетіктерді көтеріңіз де бұраңыз.




3. Тұмшапештің есігін бірінші ашу күйіне жартылай жабыңыз. Есікті алға қарай тартыңыз да, ұясынан шығарып алыңыз.




4. Есікті жұмсақ мата төселген орнықты жерге қойыңыз.




5. Ішкі шыны панельдерді алу үшін бекіту жүйесін босатыңыз.



6. Екі бекітпені 90° градусқа бұраңыз да, ұясынан шығарып алыңыз.




7. Әуелі шыны панельдерді абайлап көтеріп, содан кейін бірінен кейін бірін алыңыз. Үстіңгі панельден бастап алыңыз.




8. Шыны панельдерді сабын сумен жуыңыз. Шыны панельдерді жақсылап құрғатыңыз.

Тазалап болғаннан кейін шыны панельдерді және тұмшапештің есігін орнатыңыз. Жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.

Шыны панельдердің (A және B) орнату ретін дұрыс сақтап салғаныңызға көз жеткізіңіз.Бірінші (A) панельдің безендірілген жақтауы бар. Панельдің бедері бар жағы есіктің ішкі жағына қарап тұруға тиіс. Орнатып болғаннан кейін шыны панельдің жақтауының (A) басылған жазуы бар беткі жағын қолмен ұстағанда бұдыр емес екеніне көз жеткізіңіз.



Ортаңғы шыны панельді ұяларына дұрыс орнатқаныңызды тексеріңіз.



10.7 Шамды ауыстыру

Құрылғының ішкі табанына шүберек төсеңіз. Бұл шамның шыны қақпағы мен құрылғының ішіне нұқсан келмес үшін қажет.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар!
Сақтандырғышты шамды ауыстыру алдында ағытыңыз.
Шам және шамның қақпағы ыстық болуы мүмкін.

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ!
Шамға майдың қалдығы жұғып күймес үшін, галоген шамды үнемі шүберекпен ұстаңыз.

1. Құрылғыны сөндіріңіз.
2. Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғыштарды алыңыз немесе айырып-қоқышты ажыратыңыз.

Артқы шам

1. Шамның қақпағын алу үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
2. Шыны қақпақты тазалаңыз.
3. Шамды қызуға төзімділігі 300 °C шамға ауыстырыңыз.
4. Шыны қақпақты орнатыңыз.

11. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

11.1 Не істерсіңіз, егер...

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Пісіру алаңдары жұмыс істемейді.	Пештің кіріктірілген үстін іске қосу туралы нұсқауларды қараңыз.	
Тұмшапеш қызбайды.	Тұмшапеш сөндірулі.	Тұмшапешті іске қосыңыз.
Тұмшапеш қызбайды.	Сағат қойылмаған.	Сағатты орнатыңыз.
Тұмшапеш қызбайды.	Қажетті параметрлер орнатылмаған.	Параметрлердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Тұмшапеш қызбайды.	Сақтандырғыш ағытылып қалған.	Ақаулыққа сақтандырғыштың себеп болғанына көз жеткізіңіз. Сақтандырғыш қайта-қайта босап кетсе, білікті электршіге хабарласыңыз.
Шам жанбайды.	Шамда ақаулық бар.	Шамды ауыстырыңыз.
Бу мен конденсат тағамның үстіне және тұмшапештің корпусына жиналады.	Тұмшапештің ішіне тағам ұзақ уақытқа қойылған.	Тағамды пісіргеннен кейін тұмшапеш ішінде 15 - 20 минуттан артық қалдырмаңыз.
Бейнебетте “12.00” көрсетіледі.	Электр қуаты үзіліп қалған.	Сағатты қайта қойыңыз.

11.2 Қызмет көрсету дерегі

Ақаулықты түзету шешімін өзіңіз таба алмасаңыз, дилеріңізге не уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қызмет көрсету орталығына қажетті ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген. Техникалық ақпарат тақтайшасы құрылғы корпусының алдыңғы жақтауында орналасқан. Құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасын алмаңыз.

Оларды мына жерге жазып қоюды ұсынамыз:	
Үлгі (MOD.)	.....
Өнім нөмірі (PNC)	.....
Сериялық нөмірі (S.N.)	.....

12. ОРНАТУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

12.1 Астына кіріктіріп орнату

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ!
Құрылғыны тек білікті және уәкілетті маман ғана орнатуға тиіс. Білікті және уәкілетті маманға хабарласпасаңыз, құрылғыда ақау пайда болғанда кепілдік заңды күшке ие болмай қалуы мүмкін.


Құрылғыны орнатпай тұрып, кестеде көрсетілген пештің үстін орнатыңыз.

Түрі	Ең үлкен қуаты
EHA6040	6500 W
EHA6046	7600 W
EHA6041	6400 W
EHS6040	7000 W


12.2 Пештің үстін тоққа қосу

Пештің үсті қосылатын розетка тұмшапеш корпусының үстінде орналасқан. Пештің үсті пісіру алаңдарына арналған қосылым сымдарымен және жерге қосатын сыммен жабдықталған. Сымдардың розеткаға қосылатын жалғастырғыштары бар. Пештің үстін тұмшапешке қосу үшін, жалғастырғыштарды тұмшапештің розеткаларына дұрыс қосыңыз. Ашалардың және розеткалардың пішімдері теріс қосып қоюға жол бермейді.

12.3 Кіріктіріп орнату



12.4 Құрылғыны шкаф ішіне орнату



12.5 Электртоғына қосу

«Қауіпсіздік ақпараты» тарауындағы сақтық шаралары орындалмаса, өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Бұл құрылғы негізгі қуат сымымен және негізгі ашамен жабдықталмаған.

12.6 Сым


Орнатуға немесе ауыстырғанда пайдалануға болатын сымдардың түрлері:

H07 RN-F, H05 RN-F, H05 RRF, H05 VV-F, H05 V2V2-F (T90), H05 BB-F

Сымды техникалық ақпарат тақтайшасындағы жалпы қуат мәніне қарап таңдаңыз.

12.7 Ағытпа тақтаны жалғау

Құрылғының алты полюсті ағытпа тақтасы бар. Қосқыштар (көпірлер) бейтарап сымы бар, 400 В үш фазада жұмыс істеуге лайықталған.




L 1 – 2 – 3 = фаза сымдары

N 4 = бейтарап сым

⏚ = жерге қосылатын сым

Егер желінің кернеуі басқа болса, ағытпа тақтадағы қосқыштарды қайта реттеп орнатыңыз (төменде берілген қосылым сызбасын қараңыз). Жерге қосылатын сымды ағытпаға жалғаңыз. Қуат сымын ағытпаға қосып болғаннан кейін, оны қапсырмамен бекітіңіз.



13. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

13.1 Техникалық дерек

Кернеу	230 / 400 В
Жиілік	50 Гц

14. ҚУАТ ТИІМДІЛІГІ

14.1 Өнімнің техникалық мәлімет парақшасы мен ақпараты ЕО 65-66/2014 стандартына сәйкес келеді

Өнімді жеткізушілер	Electrolux

Үлгінің техникалық параметрлері	EON3430AAX EON3430AOX
Қуат тиімділігі индексі	100.0
Қуат тиімділігі санаты	A
Дәстүрлі режимде стандартты жүктемені есепке алған кездегі пайдаланылатын қуат мөлшері	0.93 Вт/сағ/цикл
Желдеткіш қосылатын режимде стандартты жүктемені есепке алған кездегі пайдаланылатын қуат мөлшері	0.85 Вт/сағ/цикл
Камералар саны	1
Жылу көзі	Электртоғы
Көлемі	72 л
Тұмшапештің түрі	Кіріктірілген тұмшапеш
Салмағы	EON3430AAX 34.1 кг EON3430AOX 33.8 кг

EN 60350-1 - Тұрмыстық тағам пісіретін электр құрылғылары - 1-ші бөлім: Бұған жататындар: тұмшапештер, бу пештері және гриль құрылғылары - жұмыс қарқынын өлшеу тәсілдері.

14.2 Қуатты үнемдеу

Құрылғының күнделікті тамақ пісіру кезінде қуат үнемдеуге көмектесетін мүмкіндіктері бар.

- **Жалпылама кеңес**
  - Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда тұмшапеш есігінің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз және тағам пісіріп жатқанда есікті мүмкіндігінше ашпауға тырысыңыз.
  - Қуатты барынша үнемдеу үшін темір ыдыстарды пайдаланыңыз.
  - Егер мүмкін болса, тағамды тұмшапешті қыздырмай-ақ сала беріңіз.
  - Тағам пісіретін уақыт 30 минуттан көп болғанда, пісіру уақыты аяқталмай тұрып, пісіру уақытының ұзақтығына байланысты пеш температурасын 3-10 минутқа азайтыңыз. Тұмшапештің ішіндегі қалдық қызу тағам пісіруді жалғастыра береді.
  - Қалдық қызуды басқа тағамдарды жылыту үшін пайдаланыңыз.
- **Желдеткішті қолданып пісіру** - егер мүмкін болса, қуатты үнемдеу үшін желдеткіш қолданылатын пісіру функцияларын пайдаланыңыз.
- **Тағамды жылы ұстау** - қалдық қызуды тағамды жылы ұстау үшін қолданғыңыз келсе, ең төменгі температура параметрін таңдаңыз.

15. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Белгі ♺ салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз.

Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге

салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

www.electrolux.com/shop



867310634-A-332014

EAC CE